

## **Тұрғын үйді ұстауға және коммуналдық қызметке ақы төлеу үшін тұрғын үй жәрдемақыларын беру тәртібі жөніндегі ережесін бекіту туралы**

### *Күшін жойған*

Шығыс Қазақстан облысы Абай аудандық мәслихатының 2010 жылғы 2 карашадағы N 24-5 шешімі. Шығыс Қазақстан облысы Әділет департаментінің Абай ауданындағы Әділет басқармасында 2010 жылғы 2 желтоқсанда N 5-5-118 тіркелді. Күші жойылды - Шығыс Қазақстан облысы Абай аудандық мәслихатының 2012 жылғы 10 сәуірдегі N 3-11 шешімімен

**Ескерту. Күші жойылды - Шығыс Қазақстан облысы Абай аудандық мәслихатының 2012.04.10 N 3-11 шешімімен.**

“Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы” Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы № 148 Заңының 6-бабын, Қазақстан Республикасының 1997 жылғы 16 сәуірдегі N 94 “Тұрғын үй қатынастары туралы” Заңының 97 бабының 2 тармағын және Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2009 жылғы 30 желтоқсандағы № 2314 “Тұрғын үй көмегін көрсету ережесін бекіту туралы” қаулысын басшылыққа алып Абай аудандық мәслихаты **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. Тұрғын үйді ұстауға және коммуналдық қызметке ақы төлеу үшін тұрғын үй жәрдемақыларын беру тәртібі жөніндегі ережесі бекітілсін.
2. Аудан бойынша тұрғын үй жәрдемақысын есептеудің әлеуметтік нормалары бекітілсін.
3. Осы шешім ресми жарияланған күннен он күнтізбелік күн өткеннен кейін қолданысқа енгізіледі.

*Сессия төрағасы  
Абай аудандық  
мәслихатының хатшысы:*

*М. Нұрсұлтанұлы*

*Т. Аманғазы*

## **Тұрғын үйді ұстауға және коммуналдық қызметке ақы төлеу үшін тұрғын үй жәрдемақыларын беру тәртібі жөніндегі ЕРЕЖЕ**

### **1. Тұрғын үй көмегі**

1. Осы ереже "Тұрғын үй қатынастары туралы" Қазақстан Республикасының 1997 жылғы 16-сәуірдегі № 94 Заңына, "Тұрғын үй көмегін көрсету ережесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2009 жылғы 30

желтоқсандағы № 2314 қаулысына сәйкес әзірленеді және тұрғын үй көмегін көрсету саласындағы заңдылықтың қолданылуын нақтылайды.

2. Тұрғын үй көмегі жергілікті бюджет қаражаты есебінен осы елді мекенде тұрақты тұратын аз қамтамасыз етілген отбасыларға (азаматтарға):

жекешелендірілген тұрғын үй-жайларда (пәтерлерде) тұратын немесе мемлекеттік тұрғын үй қорындағы тұрғын үй-жайларды (пәтерлерді) жалдаушылар (қосымша жалдаушылар) болып табылатын отбасыларға (азаматтарға) кондоминиум объектісінің ортақ мүлкін күрделі жөндеуге қаражат жинақтауға арналған жарналарға;

тұрғын үйдің меншік иелері немесе жалдаушылары (қосымша жалдаушылары) болып табылатын отбасыларға (азаматтарға) коммуналдық қызметтерді тұтынуға;

байланыс саласындағы заңнамада белгіленген тәртіппен тұрғын үйдің меншік иелері немесе жалдаушылары (қосымша жалдаушылары) болып табылатын отбасыларға (азаматтарға) телекоммуникация желісіне қосылған телефон үшін абоненттік төлемақының ұлғаюы бөлігінде байланыс қызметтеріне;

жергілікті атқарушы орган жеке тұрғын үй қорынан жалға алған тұрғын үйді пайдаланғаны үшін жалға алу төлемақысына ақы төлеуге беріледі.

Аз қамтамасыз етілген отбасылардың (азаматтардың) тұрғын үй көмегін есептеуге қабылданатын шығыстары жоғарыда көрсетілген бағыттардың әрқайсысы бойынша шығыстардың сомасы ретінде айқындалады.

Тұрғын үй көмегі телекоммуникация желісіне қосылған телефон үшін абоненттік төлемақының, тұрғын үйді пайдаланғаны үшін жалға алу ақысының ұлғаюы бөлігінде кондоминиум объектілерінің ортақ мүлкін күрделі жөндеуге және (немесе) күрделі жөндеуге қаражат жинақтауға арналаған жарналарға, коммуналдық қызметтер мен байланыс қызметтерін тұтынуға нормалар шегінде ақы төлеу сомасы мен отбасының осы мақсаттарға жұмсаған жергілікті өкілді органдар белгілеген шығыстарының шекті жол берілетін деңгейінің арасындағы айырма ретінде айқындалады.

3. Шекті жол берілетін үлесі - телекоммуникация желісіне қосылған телефон үшін абоненттік төлемақының, тұрғын үйді пайдаланғаны үшін жалға алу ақысының ұлғаюы бөлігінде отбасының бір айда кондоминиум объектілерінің ортақ мүлкін күрделі жөндеуге және (немесе) күрделі жөндеуге қаражат жинақтауға арналған жарналарға, коммуналдық қызметтер мен байланыс қызметтерін тұтынуға жұмсалған шығыстарының шекті жол берілетін деңгейінің отбасының орташа айлық жиынтық кірісіне 10% мөлшерінде белгіленеді.

4. Өтініш иелері тұрғын жайды ұстау, тұтылған коммуналдық қызметтер, осы ережемен белгіленген нормалар мен нормативтерден жоғары телефон үшін абоненттік төлемақының ұлғаюы бөлігінде байланыс қызметтері ақыларының

төлемін жалпы негіздерде жүргізеді.

5. Әлеуметтік қорғалатын азаматтарға телекоммуникация қызметтерін көрсеткені үшін абоненттік ақы тарифтерінің арттырылу шығындарының мөлшері қолданылып жүрген тариф пен 2004 жылы қыркүйектегі жағдай бойынша қалыптасқан тариф арасындағы айырма ретінде белгіленеді.

6. Әлеуметтік нормалар және тұрғын үй көмегін есептеуге алынған үйді ұстау шығындарының мөлшерін, коммуналдық қызметтерді (сумен қамтамасыз ету, газбен қамтамасыз ету, канализация, электрмен қамтамасыз ету, жылумен қамтамасыз ету, қоқыс шығару және телефон үшін абоненттік төлемақы тарифінің көтерілу шығындарын өтеуге арналған өтемақы) Қазақстан Республикасындағы қолданыстағы заңнамаларға сәйкес белгіленеді.

7. Тұрғын үй көмегін есептеу үшін алынатын барлық коммуналдық қызметтерге және олардың өзгерістеріне арналған тарифтерді қызмет көрсетушілер береді.

## **2. Тұрғын үй көмегін беру шарттары**

8. Жеке меншігінде 1 бірліктен артық тұрғын үйі (үйі, пәтері) бар немесе тұрғын үйі жайын жалға (жалдауға) берген тұлғалар тұрғын үй көмегін алу құқығынан айырылады.

9. Жұмысқа жарамды, бірақ жұмыс істемейтін, оқымайтын, әскер қатарында қызмет етпейтін және жұмыспен қамту қызметінде тіркелмеген адамдары бар отбасылардың тұрғын үй көмегін алуға құқығы жоқ, соның ішіне 50 жасқа толғандар (жынысына қарамастан), 18-ге толмаған 4 және одан көп баласы бар аналарға, өкпе, наркологиялық аурулармен есепте тұратын, жүктілігі 8 аптадан асқан аналар, 1-ші, 2-ші топтағы мүгедектерді күтетіндер, 18 жасқа дейінгі мүгедек-балаларды күтетіндер, 80 жастан асқандар немесе 7 жасқа дейінгі баланы тәрбиелеумен шұғылданатындар кірмейді. Жедел әскери қызметтегі әскери қызметкерлер отбасының құрамында есептелмейді.

10. Жұмыссыздар ұсынған жұмыстан немесе жұмысқа орналасудан себепсіз бас тартса және өз еркімен қоғамдық жұмысқа, оқыту мен қайта оқытуға қатыспаса тұрғын үй көмегін алу құқығынан алты айға айырылады.

11. Тоқсан сайын тұрғын үй көмегін алушыларға құжаттарды қайта рәсімдеуді жүргізу керек. Бұл орайда, отбасының табыстары туралы анықтамалар және өтініш берген тоқсанның алдындағы тоқсанның коммуналдық қызмет ақыларының төленгені туралы түбіртектер қоса беріледі.

12. Егер отбасының ортажандық жиынтық табыстары кедейшілік белгісінің мөлшерінен төмен болса, үйді ұстауға және үй-коммуналдық қызметке төлеу үшін тұрғын үй көмегін белгілегенде, жиынды табыс Қазақстан

Республикасының заң актілерінде белгіленген уақыттың тиісті мерзімінде бір есептік көрсеткішке кемиді.

13. Жалғыз басты зейнеткерлердің, мүгедектердің, бірге тұратын жалғыз басты зейнеткерлерді, бірге тұратын зейнеткер мен мүгедекті және жалғыз тұратын ерлі-зайыпты зейнеткерлермен мүгедектердің, сондай-ақ құрамында жетім балалары бар отбасыларының құқықтарын белгілеп тұрғын үй көмегін есептегенде, оларды қолдау мақсатында, табыстары Қазақстан Республикасының заң актілерінде белгіленген уақыттың тиісті мерзімінде екі есептік көрсеткішке / кемиді/ реттеледі.

14. Орталықтан жылитын жеке үйде тұратын отбасыларының тұрғын үй көмегін есептегенде, қызмет көрсетушілердің тұрғын үй көлемі әлеуметтік нормасының шегінде жоғалтылған жылудың төлемі тарифтерде есепке алынсын.

15. Тұрғын үй көмегіне үміткер отбасыларына тұрғын үй көмегін тағайындаған кезде мына шектеулер есепке алынады:

1) үміткер заңды некеде болса, бірақ зайыбы сол мекенжай бойынша тіркелмеген болса, ерлі-зайыптылардың екеуінің де табыстары есептеледі және жәрдемақы өтінгеннің мекенжайы бойынша тағайындалады. Бұл мекенжай бойынша тіркелмеген зайыбы немесе жұбайы өзінің тұрғылықты жерінен жәрдемақы алмайтынын дәлелдеу керек;

2) үміткер заңды некеде болса, бірақ зайыбының қазіргі тұрғылықты жерін білмесе (көрсетпесе) және құқық қорғау органдарына бұл туралы мәлімдемесе, жәрдемақы тағайындалмайды;

3) үміткердің үйіне 18 жасқа дейінгі бала тіркелген жағдайда, ол баланың ата-анасының табыстары туралы анықтаманы тапсыру қажет;

4) үміткер оқу орнының күндізгі бөлімінде оқып, жалғыз тұрған жағдайда ата-анасының табыстары және олардың тұрғын үй жәрдемақыларын алулары туралы анықтаманы тапсыруы қажет.

16. Тұрғын үй жәрдемақыларын алуға үміткер немесе алушы отбасылар соны ресімдеу үшін мынадай құжаттарды қоса берумен өтініш ұсынады:

- 1) өтініш берушінің жеке басын куәландыратын құжаттың көшірмесі;
- 2) тұрғын үйге құқық беретін құжаттың көшірмесі;
- 3) азаматтарды тіркеу кітабының көшірмесі;
- 4) отбасының табысын растайтын құжаттар;
- 5) кондоминиум объектісінің ортақ мүлкін күрделі жөндеуге арналған нысаналы жарнаның мөлшері туралы шот;

б) жергілікті атқарушы органмен (тұрғын үй инспекциясымен) келісілген, пәтерлердің меншік иелері мен жалдаушыларының (қосымша жалдаушылардың) жалпы жиналысында бекітілген кондоминиум объектісінің ортақ мүлкін күрделі жөндеудің жекелеген түрлерін жүргізуге арналған шығыстар сметесы негізінде

кондоминиум объектісін басқару органы ұсынатын және мөрмен, кондоминиум объектісін басқару органы басшының қолымен расталған кондоминиум объектісінің ортақ мүлкін күрделі жөндеуге қаражат жинақтауға арналған ай сайынғы жарналардың мөлшері туралы шот;

7) коммуналдық қызметтердің тұтыну шоттары;

8) телекоммуникация қызметтері үшін түбіртек-шот немесе байланыс қызметтерін көрсетуге арналған шарттың көшірмесі;

9) тұрғын үйді пайдаланғаны үшін жергілікті атқарушы орган берген жалдау ақысының мөлшері туралы шот.

17. Тапсырылған құжаттардың қорытындысы бойынша отбасына шарт-өтініш жасалады, оған тұрғын үй көмегінің есептелуі еңгізіледі. Шарт-өтінішке отбасы өкілінің немесе отбасының атынан сөйлейтін тұлға және құжаттарды қабылдайтын тұлғаның қолдары қойылады.

18. Уәкілетті органның шешімі тұрғын үй жәрдемақысын берудің негізі болып табылады.

19. Электрмен қамту, газбен қамту, канализация, жылумен қамту, қоқыс шығару, лифтерді қамту, телефон үшін абоненттік төлемақы тарифінің көтерілу шығындарын өтеуге арналған өтемақы, тұрғын үйді пайдалану бойынша шығындар талаптану тоқсанның алдындағы тоқсанның орташа түбіртектері бойынша есептеледі.

20. Тұрғын үй көмегі өтініш және басқа құжаттар тапсырылған айдан бастап тағайындалады, кезекті тоқсан сайынғы қайта сараптаудан белгілі себептерге байланысты өтпегендерден басқа (өтінушінің ауыруы, курорт, шипажайда емделуіне, туысқандарының ауыруына немесе қайтыс болуына байланысты тұрғылықты жерде болмаса).

21. Тұрғын үй көмегін алушы және тұрғын үй көмегі қызметтері жасаған тізім бойынша тоқсан сайынғы сараптаудан өтетін отбасылар, құжаттарды дайындағанға қарамастан, тұрғын үй жәрдемақысын тоқсанға алады. Тоқсандық ағымында графиктер бойынша қайта сараптаудан өтпеген отбасыларға тұрғын үй көмегі өтінген айдан бастап тағайындалады.

22. Тұрғын үй көмегін алушылар 10 күн ішінде тұрғын үй қызметіне өз тұрғын үйінің меншік формаларының, отбасы құрамының және оның жиынтық табыстарының, статусының өзгеруі туралы хабарлауы керек.

### **3. Тұрғын үй көмегінің мөлшері**

23. Тұрғын үй көмегінің мөлшері жалгердің (меншік үй иесінің) өтемдік шараларымен қамтамасыз етілетін нормалар шегінде үйді ұстауға және

коммуналдық қызметке ақы төлеу мен отбасына осы мақсаттарға шекті жол берілетін шығыс деңгейінің айырымы ретінде есептеледі.

#### **4. Тұрғын үй жәрдемақыларына үміткер азаматтардың (отбасыларының) жиынтық табысын есептеу**

24. Жиынтық табыстарының есептелуі отбасының табысын белгілеуге тұрғын үй жәрдемін тағайындайтын уәкілетті органмен жүргізіледі.

25. Отбасының жиынтық табыстарын есептегенде табыстардың барлық түрлері:

- 1) 18 жасқа дейінгі балалар жәрдемақылары
- 2) мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек
- 3) тұрғын үй көмегі
- 4) жерлеуге арналған бір жолғы жәрдемақы
- 5) бала тууына байланысты берілетін біржолғы жәрдемақы
- 6) есепті кезеңде көрсетілген қайырымдылық көмек ең төмен күн көріс деңгейінен кем болған жағдайда
- 7) жеке ісін ашуға және (немесе) жеке қосалқы шаруашылықты дамытуға арналған материалдық көмек.
- 8) егер жеке ісін ашуға және (немесе) жеке қосалқы шаруашылықты дамытуға арналған материалдық көмек мақсатына сай пайдаланылмаса, жиынтық табыс көрсетілген көмек сомасын ескере отырып есептеледі
- 9) төтенше жағдайлар салдарынан олардың денсаулығына және мүлкіне келтірілген зиянды өтеу мақсатында отбасына көрсетілген көмек
- 10) отбасы мүшелерінің біреуі осы отбасында тұрмайтын адамдарға төлейтін алимент
- 11) қорғаншылардың (қамқоршылардың) табысы (қорғаншы балаларға арналған жәрдемақы тағайындаған кезде)
- 12) азаматтардың тегін немесе жеңілдікпен протездеуге бару жолына ақы төлеу
- 13) протездеу уақытында азаматтарды ұстау
- 14) азаматтардың елді мекеннен тыс жерлерге емделуге тегін немесе жеңілдікпен жол жүру құны
- 15) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес:
  - дәрілік препараттар
  - санаторийлік-курорттық емдеу
  - протездік-ортопедиялық бұйымдар (жасау және жөндеу)
  - жүріп-тұру құралдары (кресло-арбалар) мен мүгедектерге бөлінген басқа да сауықтыру құралдары

білім алу кезеңінде оқушыларды тегін тамақтандыру түрінде көрсетілген заттай көмек түрлері.

Тұрғын үй көмегіне өтініш берген тоқсанның алдындағы тоқсанда есепке алынады. Отбасының табысында алынған микронесиелердің сомалары есептелінбейді. Жиынтық табыс өтінушінің алған табыстары жөнінде ұсынылған мәліметтердің негізінде есептеледі.

26. Ауылдық жердің тұрғындары үшін үлкен мал басынан бір бас болғандағы жеке қосалқы шаруашылықтан табыс (саяжай учаскелерден, бау-бақшалардан түсетін табыстарды қоспағанда) тоқсанда үш есептік көрсеткіш мөлшерінде есепке алынады, үлкен мал басынан екі және одан көп бас болғанда бес есептік көрсеткіш мөлшерінде есепке алынады.

27. Жиынтық табысты есептегенде өнімді жасқа толмаған үй малы есепке алынбайды. Жеке кәсіптік істерден, мүліктік және жер пайынан түсетін табыстар мәлімделген болып саналады.

28. Құжаттамалы расталған табыстар түрлеріне еңбектен, зейнетақыдан, жәрдемақыдан және алименттерден түсетін табыстар жатады. Отбасының жиынтық табысы алименттердің есебісіз саналады, егер де төлеуші:

- 1) жұмыс істемейтін және жұмыспен қамту мәселелері жөніндегі уәкілетті органда жұмыссыз болып тіркелмеген;
- 2) бас бостандығынан айыру жерлерінде немесе уақытша ұстау изоляторында болған;
- 3) туберкулез немесе психоневрологиялық диспансерлерде (стационарларда), емделу-еңбек профилакторияларында (ЕЕП) емделуде немесе есепте болған;
- 4) Қазақстан Республикасында тиісті келісімі жоқ мемлекеттерге тұрғылықты жерлерге тұруға кеткен жағдайларда.

29. Әділет басқармасының тұрғылықты жерлері бойынша тіркеген адамдарды Қазақстан Республикасы Үкіметінің 12.07.2000 жылғы № 1063 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасының тұрғындарын құжаттандыру және тіркеу қағидаларына сәйкес есептеу керек. Отбасының жиынтық табыстары өтініш берген тоқсанның алдындағы тоқсанға отбасының барлық мүшелерінің және осы мекен жай бойынша тіркелген басқа да адамдардың табыстарын қосу жолымен есептеледі.

30. Бір тоқсаннан көп мерзімге төленетін бір жолғы төлемді алғанда, жиынтық табыста барлық табыс жиынын табыс алған айлар санына бөлуден алынып және 3 айға көбейтілген табыстың жиыны есепке алынады. Егер отбасы мүшелерінің біреуі табыс есептелетін тоқсаннан аз уақыт жұмыс істесе, отбасының жиынтық табысында, оның осы тоқсанда жұмыс істеген уақыттың табысы есепке алынады.

31. Отбасының орта жандық табыстары 1 айға отбасының тоқсандық

жиынтық табыстарын отбасы мүшелерінің санына және 3 айға бөлу жолымен есептеледі.

32. Өтініш берушілер ұсынған мәліметтердің сенімділігіне заңда белгіленген тәртіпте жауапты.

## **5. Өздері жылытатын жеке меншік үй құрылыстарында тұратын отбасыларға (азаматтарға) тұрғын үй жәрдемақыларын ұсыну тәртібі**

33. Өздері жылытатын жеке меншік үй құрылыстарында тұратын тұрмысы төмен отбасыларына тұрғын үй жәрдемақысы үй иесіне, жалдаушылар тұрғын үйді жалдауға келісім-шарт болғанда беріледі.

34. Өздері жылытатын, жеке меншік үй құрылыстарында тұратын отбасыларға тұрғын үй көмегін есептеу үшін көмірдің әлеуметтік шығын жалпы ауданның 1 шаршы метіріне 129,8 кг, бірақ бір үйге 5000 кг аспауы керек.

35. Көмірдің, электр жарығының құнын есептеу үшін аудан бойынша нақты сатылу бағалары қолданылады.

36. Өздері жылытатын жеке меншік үй құрылыстарында қолданылып басқа жанармай түрлерінің құны мен шығын нормасын, тұрғын үй көмегін есептегенде көмірдің құны мен шығын нормасына эквивалентті деп есептеу керек.

37. Көмірді сатып алу мезгіліне байланысты көмірдің тұрғын үйге барлық әлеуметтік шығын нормасын (көмірдің құнын) өтініш жасаған тоқсанына қарай әлеуметтік көмек есептегенде үш айға аламыз.

38. Тұрғын үй көмегін есептегенде жеке меншік үй құрылысында тұратын отбасының табысын өтініш берген тоқсанның алдындағы тоқсанға есептеу керек.

39. Заң бойынша бір үйдің бірнеше иесі болса, онда тұрғын үй көмегі әр үй иесіне (жанұяға) тағайындалады, сонымен қатар бір үйге әлеуметтік көмір нормасы әр отбасына, алып отырған ауданына байланысты сайма сай бөлінеді.

40. Тұрғын үй көмегін есептегенде отбасы көмірдің қанша тонна, қандай бағамен алынғаны туралы анықтама ұсынады (ол болмаған жағдайда жергілікті әкішіліктен, әкім қолымен расталған көмірдің мөлшері мен бағасы туралы акт беріледі), ақырғы тұрғын үй көмегін алғаннан кейінгі бір жыл мерзімінде сатып алынған.

41. Электр қуаты, газ, су, қоқыс шығындарын өтініш берген тоқсанның алдындағы тоқсандағы квитанциялардың орташаларын есепке алу керек.

## **6. Тұрғын үй көмегінің қаржыландыруы мен төлемі**

42. Тұрғын үй көмегі қалалар мен аудандардың бюджет қаражаттарының есебінен көрсетіледі. Тұрғын үй көмегі ақшалай төлем ретінде тағайындалады.



43. Тұрғын үй көмегінің төлемі осы мақсаттарға жергілікті бюджеттен бөлінген қаржаттар есебінен азаматтардың салымы бойынша шоттарына есептелуі жолымен екінші деңгейдегі банкілер (бұдан әрі тиісті банкілер) арқылы жүргізіледі. Тұрғын үй көмегі төлемінің тәртібі мен шарты аудандық еңбек, жұмыспен қамту және халықты әлеуметтік қорғау бөлімдері және тиісті банкілер арасындағы жасалған агенттік келісімімен белгіленеді.

*Абай аудандық жұмыспен қамту  
және әлеуметтік бағдарламалар  
бөлімінің бастығы:*

*С. Тәтиева*

## **Абай ауданы бойынша тұрғын үй жәрдемақысын есептеудің әлеуметтік нормалары.**

**2010 жыл.**

Жанұя құрамы	Адам саны	1	2	3	4	5	6	7	8	9	
Тұрғын үй ауданы	м2	33	51	69	87	105	105	105	105	105	
Әлеуметтік қорғалатын коммуналдық қызметтер	Тарифтер (теңге)										
Үйді ұстауға кететін шығындар	С1 м2	0	0	0	0	0	0	0	0	0	
Жылу (Көмір құны)	С1 м2	207,7	6854,1	7996,4	7996,4	7996,4	7996,4	7996,4	7996,4	7996,4	
Суық су	С1 чел	100	100	200	300	400	500	600	700	800	900
Газ	С1 чел	800	800	1600	2400	3200	4000	4800	5600	6400	7200
Электро энергия	Тариф	6,15	276,75	553,5	830,25	1107	1383,75	1660,5	1937,25	2214	2490,75
		8,12	365,4	730,8	1096,2	1461,6	1827	2192,4	2557,8	2923,2	3288,6
Телефон (абонентік ақы тарифтерінің көтерілу шығындары (297-248))	Тариф	138,6	138,6	138,6	138,6	138,6	138,6	138,6	138,6	138,6	138,6
Ең жоғарғы әлеуметтік төлем			8534,85	11219,3	12761,45	14303,6	15845,75	17387,9	18930,05	20472,2	22014,35
Жиындық табыс			51209,1	67315,8	76568,7	85821,6	95074,5	104327,4	113580,3	122833,2	132086,1

*Абай аудандық жұмыспен қамту*

*және әлеуметтік бағдарламалар  
бөлімінің бастығы:*

*С. Тәтиева*

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК